

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы**

**«7M04118 - Өңірлік даму»
магистратура білім беру бағдарламасы**

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Өңірлік даму мәселелерімен айналысатын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық процестерін тиімді басқару үшін негізделген шешімдер ұсынуға, өңірлік жобаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын басқарудың қазіргі заманғы әдістері мен технологияларын практикада қолдануға қабілетті кәсіби мемлекеттік қызметшілерді даярлау және т.б.

Бағдарламаның міндеттері:

- өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық процестерді жоспарлау, болжау және басқару негіздерін үйрету;
- магистранттардың құзыреттілігін қалыптастыру және өңірлердің тұрақты дамуын басқару саласында негізделген шешімдер қабылдау мәселелерінде мінез-құлық стратегиясын әзірлеу бойынша технологиялар беру.

Бағдарламаның артықшылықтары:

- өңірлік даму саласында мемлекеттік қызметшіні даярлау;
- оқытудағы құзыреттілік тәсіл, интерактивті оқыту әдістерін пайдалана отырып, нақты жағдайларды шешу арқылы оқытудың практикаға- және нәтижеге-бағдарлануы;
- аралас салаларда білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік беретін пәнаралық тәсіл;
- қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, ыңғайлы модульдік формат, қолайлы оқыту қарқыны;
- Қазақстанның мемлекеттік органдарында және шетелде практикадан және тағылымдамадан өту мүмкіндігі;
- өңірлік экономиканы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жобаны орындау;
- үш тілде оқыту: қазақ, орыс, ағылшын;
- Академия оқытушыларының тәлімгер, куратор болуы;
- жетекші практик дәріскерлерді, «Visiting Professors» және жоғары деңгейдегі сарапшыларды тарту;
- кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, түрлі министрліктер мен ведомстволардан келген мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл жасау, өзара оқу (peer learning).

Оқудан күтілетін нәтижелер:

- *Бастамашылдық:* өңірлік даму саласындағы озық практиканы зерделейді. Зерделенген тәжірибе негізінде өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер мен шешімдерді әзірлейді.

- *Парасаттылық:* белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сүйенеді және олар бұзылған жағдайда жауап қатады. Риясыздықты, әділдікті, бейтараптылықты танытады, сондай-ақ жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен қарайды.

Әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан бас тартады. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік танытады.

- *Блтымақтастық және өзара іс-қимыл*: мемлекеттік органның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін әріптестерімен, басқа да мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзара қарым-қатынас орната алады. Жұмысты бірлесіп орындау үшін әріптестерімен тәжірибе мен біліммен бөліседі.

- *Шешім қабылдау*: сандық, вербалды және басқа да ақпаратты талдайды. Шешім қабылдау кезінде тәуекелдер мен артықшылықтарды талдауға сүйенеді. Өңірдің тұрақты дамуына және өңіраралық қатынастарды нығайтуға бағытталған нәтижелерге қол жеткізуді жоспарлайды.

- *Стратегиялық ойлау*: өңірдің тұрақты дамуы үшін ұзақ мерзімді шешімдерді жоспарлауға, болжауға және қабылдауға қабілетті. Жергілікті жағдайды және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, мемлекеттік органның стратегиялық мақсатын іске асыру жолдарын әзірлейді.

- *Қызметті тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлану*: қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін қолданады, түсінікті әрі сыпайы түрде тұтынушыға өзекті ақпаратты жеткізеді. Жергілікті жерлердегі халыққа қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейін талдайды. Өңірлерде халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді.

Бағдарламаның құрылымы мен академиялық контент:

Модуль	Пәннің атауы	ECTS
1	Қазақстанның өңірлік экономикасы және кеңістіктік даму	4
	Өңірлік жоспарлау және болжау құралдары	3
	Мемлекеттік басқару	4
	Өндірістік практика	2
	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – МЭЗЖ)	2
1 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		15
2	Мемлекеттік қаржы және бюджет	3
	Өңірлік деңгейде әлеуметтік қамтамасыз ету саясаты	3
	Өңірдің тұрақты дамуын басқару	4
	Тағылымдама	2
	МЭЗЖ	3
2 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		15
3	Аумақтар маркетингі	3
	МЭЗЖ	6
	Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу)	6
3 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		15
4	Кәсіби коммуникациялар және жанжалдарды басқару	3
	Басқарушылардың тілдік құзыреттілігі (мемлекеттік тілде)	3
	Ұйымдық мінез-құлық және этика	3
	Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны қорғау)	6
4 МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ		15
Теориялық білім бойынша барлығы		35

МЭЗЖ:	13
- МЭЗЖ, сонымен бірге магистрлік жобаны орындау	11
- Тағылымдама	2
Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)	12
Қосымша білім бойынша барлығы	25
<i>МІНДЕТТІ ТҮРДЕ МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ</i>	60

Міндетті пәндердің тізімі

Пәннің атауы	Пәннің дескрипторы	Пән бойынша оқудан күтілетін нәтижелер
Қазақстанның өңірлік экономикасы және кеңістіктік даму	Курс өңірдің экономикасын талдау және кеңістіктік даму дағдыларын қалыптастыруға; өңірлік дамуды жоспарлау, бағдарламалау мен болжауға, өңірлердің теңгерімді даму мәселелерін, урбанизация аспектілерін талдауға бағытталған	Аумақтарды кешенді теңгерімді дамытуды әзірлеу және талдау дағдыларын, өңірді тиімді басқарудың және кеңістікті дамытудың құралдары мен тетіктерін меңгереді; өңірлік дамуды жоспарлау, бағдарламалау және болжау, аумақтық даму бағдарламаларына мониторинг және бағалау жүргізу, өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралдарын меңгереді, бастамашылық, стратегиялық ойлау және шешімдер қабылдау бойынша құзыреттерді дамытады
Өңірлік жоспарлау және болжау құралдары	Курс жүйелік және ситуациялық тәсілді үйлестіру негізінде өңірлік деңгейде әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың дамуын болжау және жоспарлау әдістемесін жасауға мүмкіндік беретін математикалық құралдарды зерттеуге бағытталған. Зерттелетін әдістердің әмбебаптығы оларды өңірлік деңгейде де, жалпы ұлттық экономика деңгейінде де жағдайларды талдау үшін қолдануға мүмкіндік береді	Өңірлік деңгейде әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың дамуын болжау және жоспарлау әдіснамасын әзірлеуге мүмкіндік беретін құралдарды қолдану дағдыларын меңгереді, стратегиялық ойлау және шешім қабылдау бойынша құзыреттерді дамытады
Мемлекеттік басқару	Курс мемлекеттік басқарудың қазіргі заманғы үрдістерін,	Қазіргі заманғы басқару жүйесінің әлеуметтік-саяси

	жаңа басқару технологияларын зерделеуге, мемлекеттік басқару саласында тиімді кәсіби қызметке қабілеттілікті іске асыруды қамтамасыз ететін практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған	трансформациясы жағдайында мемлекеттік басқару саласында тиімді кәсіби қызметті қамтамасыз ететін практикалық дағдыларды меңгереді, шешім қабылдау, қызметті тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлану, парасаттылық, бастамашылдық, көшбасшылық, стратегиялық ойлау секілді құзыреттерді дамытады
Мемлекеттік қаржы және бюджет	Курс мемлекеттік және жергілікті кірістерді қалыптастыру, жергілікті деңгейде қаржыны бөлу жүйесі мен процестерін зерделеуге, ашықтық пен есептілік жағдайында шығыстарды іске асыруға бағытталған	Бюджеттеу және есептілік негіздерін, салықтарды, субсидияларды, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті, мемлекеттік борышты және тапшылықты қаржыландыруды, бюджеттік қатынастарды қоса алғанда, қаржыны басқарудың негізгі қағидаттары мен әдістерін біледі
Өңірлік деңгейде әлеуметтік қамтамасыз ету саясаты	Курс өңірлік деңгейде әлеуметтік қамсыздандыруды талдау дағдыларын қалыптастыруға, стратегиялық мақсаттар қоя білуге және әлеуметтік қатынастар саласындағы мемлекеттің саясатын іске асырудың балама нұсқаларын жасауға бағытталған	Өңірлік деңгейде әлеуметтік қамсыздандыруды іске асырудың негізгі қағидаттары мен тетіктерін біледі. Өңірдің ерекшелігін ескере отырып, әлеуметтік мәселелерді шешудің кешенді жолдарын жасай білу, парасаттылық, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл, қызметті тұтынушыға және оны ақпараттандыруға бағдарлану бойынша құзыреттерді дамытады
Өңірдің тұрақты дамуын басқару	Курс тұрақты дамудың негізгі тұжырымдамалары мен модельдерін, «жасыл» экономиканы, өңірлердің тұрақты дамуын бағалау әдістерін зерделеуге, «жасыл» өсім, креативті экономика және тұрақты даму факторлары мен көздерін талдау негізінде өңірлердің	Тұрақты даму тұрғысынан өңірдің негізгі экономикалық субъектілерінің мінез-құлқы мен өзара іс-қимылын талдай және модельдей алады, факторларды анықтайды және индикаторларды таңдауды жүзеге асырады және өңірлер дамуының тиімділігі мен орнықтылығына бағалау

	және тұрақты дамудың ұзақ мерзімді перспективаларын анықтай білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған	жүргізеді, «жасыл» экономикалық өсімді және өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мемлекеттік саясатының стратегиялық басымдықтары мен бағыттарын айқындайды және негіздейді, бастамашылық, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл, стратегиялық ойлау және шешімдер қабылдау бойынша құзыреттерді дамытады
Аумақтар маркетингі	Аумақтың бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін, аумақтың имиджін жақсарту және брендін қалыптастыру үшін аумақтық басқару мен менеджмент проблемаларын зерделеу; аумақтың бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсаттарына қол жеткізу үшін, аумақтың имиджін жақсарту және брендін қалыптастыру үшін аумақтар маркетингінің әдістері мен құралдарын пайдалана білуді қалыптастыру	Аумақтық маркетинг теорияларын, аумақтың сыртқы және ішкі ортасын, классикалық маркетингтік құралдар кешенін, оларды аумақтық маркетингте қолданудың шетелдік тәжірибесін біледі, аумақты таңдау себептерін, тұтынушылардың әртүрлі топтары үшін аумақты таңдаудың негізгі критерийлерін талдап, аумақтың бәсекелестік артықшылықтарын анықтай біледі, бастамашылық, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл, стратегиялық ойлау және шешім қабылдау бойынша құзыреттерді дамытады
Кәсіби коммуникациялар және жанжалдарды басқару	Курс басқару жүйесіндегі қайшылықтарды диагностикалау, әртүрлі типтегі жанжалдарды (қақтығыстарды) анықтау және теріс салдарларды азайту мақсатында осы жанжалдарды басқару мәселелерін шеше алатын, ұйымдастырушылық-басқарушылық және ақпараттық-аналитикалық қызметке мемлекеттік қызметшілерді дайындауға бағытталған	Жанжалды жағдайды диагностикалаудың барабар әдістемесін таңдай алады; жанжалдардың әртүрлі түрлерін бөліп көрсете алады, олардың себептері мен даму перспективаларын анықтай алады; осы жағдайда жанжалды басқарудың неғұрлым тиімді стратегиясын таңдай алады және басқарудың тиісті технологияларын қолдана алады; іскерлік коммуникация

		процесінде жанжалдарды сейілтеді және алдын алады; көпшілік алдында сөз сөйлей алады; вербалды емес коммуникация құралдарын сауатты пайдалана алады, парасаттылық, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл бойынша құзыреттерді дамытады
Басқарушылардың тілдік құзыреттілігі (мемлекеттік тілде)	Пән магистранттардың бойында ауызша пікір білдіру, нақты мысалдар келтіре отырып өз көзқарасын дәлелдеу, қорытынды жасау, жазбаша аналитикалық-сараптамалық жазу және т.б. бойынша тілдік дағдыларды қалыптастырады. Сонымен қатар пәнді оқу барысында бейнематериалдарда, ақпараттық-аналитикалық, көпшілік мазмұндағы баяндама материалдарында көтерілген негізгі мәселелерді анықтау, автор мен аудиторияның көзқарастарын талдау бойынша жазбаша, ауызша тілдік жұмыстар жүргізіледі	Білім алушыларда келесідей тілдік дағдылар қалыптасады: - ауызша, жазбаша тілді қолдану дағдылары; - ресми-іскерлік стиль нормалары; - жоспар-құрылым арқылы көпшілік алдында сөйлеуге жазбаша дайындық; - көпшілік алдында сөйлеу тәсілдерін меңгеру
Ұйымдық мінез-құлық және этика	Жеке мінез-құлықты, тұлғааралық қарым-қатынасты және ұйымды басқарудағы көшбасшылықты зерттеу. Курс ұйымды өзінің нысаналы мақсатын тиімді жүзеге асыруға арналған жүйе ретінде құруға бағытталған	Кәсіби мемлекеттік аппаратты құру үшін қажетті ұйымда тиімді менеджмент пен көшбасшылық стратегияларын, технологияларын мен құралдарын меңгереді